

«РЫМБЕК БАЙСЕЙІТОВ АТЫНДАҒЫ СЕМЕЙ ҚАРЖЫ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» КМҚК

Тақырыбы: Халықтың құрамы және олардың жіктелуі

Орындаған: Биахметова М.Т.
Тексерген: Сұлтанова Б.А.
Топ: 18 VTZ - 5

Семей 2018ж.




ЖОСПАР:

1. ХАЛЫҚТЫҢ ЖАСТЫҚ ЖӘНЕ ЖЫНЫСТЫҚ ҚҰРАМЫ
2. ХАЛЫҚТАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖІКТЕЛУІ
3. ХАЛЫҚТЫҢ НӘСІЛДІК ҚҰРАМЫ

Халықтың жастық және жыныстық құрамы. Халықтың жастық құрамы оның әр кезеңдегі ұдайы өсуінің ерекшеліктері мен себептеріне байланысты болып келеді. Жастық құрамының халықтың ұдайы өсуіне тәуелді болуына байланысты, оның көрсеткіштері елдерді типологияға бөлуге де әсерін тигізеді. Елдерді халықтың жастық құрамының арақатынас мөлшеріне қарай екі типке: **жоғары дамыған және дамушы елдер** деп бөлеміз. Жоғары дамыған елдерде 14 жасқа дейінгілер 22-26% шамасында болса, дамушы елдерде 41-45%, 15-60 жас аралығындағылар бірінші топта 58-62% болса, екінші топта - 50-54%, 60-тан асқандар шамамен бірінші топта – 14-18%, ал екінші топта 3-7% мөлшерінде. Бұдан шығаратын қорытынды – дамыған елдердің халқының жастық құрамында балалардың үлес салмағы аз болып келуінде. Еңбекке жарамды жастағы халықтың көптілігімен, әсіресе өмір сүрудегі орта жас ұзақтығының жоғары болуымен егде адамдар саны біршама көзге түседі. Жеке елдер мен аудандар халқының жастық құрамына көші-қон (миграция) да үлкен әсер етеді.

Жер шарындағы халықтың жыныстық құрамына келсек, әйелдер мен ерлер саны бір-бірімен біршама сәйкес келеді. XX ғасыр соңында әлемде ерлердің үлес салмағы шамамен 50,4% болса, әйелдер - 49,6%. Яғни, ерлердің саны әйелдерге қарағанда 22 млн-ға артық. Күнделікті халықтың есебі жақсы жолға қойылған елдердің статистикалық материалдары әрбір 100 қыз балаға шаққанда, орташа 104 – 106 ұл бала дүниеге келетінін көрсетіп отыр.

Жер шарының әрбір аймағында әйелдер мен ерлердің үлес салмағы әр түрлі. Мәселен: Ресейде – ер адамдар 47% болса, әйелдер – 53%; Шетелдік Еуропада - 49% және 51%; Қазақстанда – 48% және 52%; ал Шетелдік Азияда - 51% және 49%, Африка мен Мұхиттық аралдарда да осы шамалас.





Халықтардың этникалық құрамы және оның жіктелуі. Жер шары халқының ұлттық-этникалық құрамы алуан түрлі болғанымен, этнографтар бұрыннан-ақ кейбір жеке халықтардың арасында жалпы жақындықты байқаған. Бұл ұқсастық, негізінен, көршілестік, яғни жер аумағының, шаруашылығының, мәдениет, тұрмыстық қатынастарының жақындығынан туады. Орналасқан аумағына қарай халықтарды топтастыру географиялық жіктеу деп аталады. Мұндай белгідегі жіктелу елтанушылық және аумақтық шолу барысында географияда кеңінен қолданылады.


Белгілі бір жер аумақтарында қайсы халықтың санының басым екенін анықтау үшін этнографиялық карталар жасалады. Мұндай карталарды жасаудағы көп таралған әдіс - түрлі түсті бояу реңі арқылы белгілеу. Бұл әдіспен кейбір аудандардағы халық санының аз бөлігін құрайтын халықтар мен ұлттардың орналасуын көрсету мүмкін емес. Мұндай жағдайда олар карталарда үзік сызықтармен, әріп-жазулармен, цифрлармен, әр түрлі нүктелік белгілермен беріледі.

Бір-бірімен көршілес тұратын халықтардың тұрмысы мен мәдени өмірінде ұқсастық көп болады. Мұндай көршілестік неғұрлым ұзаққа созылса, соғұрлым бұл халықтардың шығу тегіне қарамастан, олардағы жалпы ұқсастық белгілердің көптігін көреміз. Мысалы, Кавказ халықтарында шығу тегі мен тілдерінің әр түрлілігіне қарамастан, олардың мәдени-тұрмыстық деңгейінде жалпы ұқсастық жақтары қалыптасқан. Мұндай халықтар арасында тарихи қалыптасқан ұқсастықтары бар аудандарды тарихи-этнографиялық аймақтар деп атаймыз. Мысалға, ТМД елдерінде - Поволжье, Сібір, Орал, Кавказ және Орталық Азия, ал алыс шетелдерде - Үндіқытай, Прибалтика, Солтүстік Африка, Скандинавия, Полинезия, т.б., әсіресе жалпы шолулар кезінде, халықтардың осындай географиялық жіктелінуі жиі қолданылады.


Этникалық бірігудің екі түрі бар: бірі - консолидация, ал екіншісі - ассимиляция. Консолидация - бір-біріне жақын, туыстас болып келетін этникалық топтардың бірігуі нәтижесінде одан біршама үлкен және дамыған этникалық топтардың пайда болуы. Мысалы, мегрел, аджар, сван, т.б. ұлыстардың бірігуінен - грузин ұлты; ал салар, теке, гоклен, т.б. этникалық топтардың бірігуінен түрікмендер консолидациясы құрылды.

Ассимиляция - дамыған үлкен этникалық топтың екінші аз санды топты өзіне қосып алуы. Мұның нәтижесінде, халық саны аз этникалық топтар халық саны көп екінші бір топқа сіңіп кетеді. Мысалы, тәжіктер - янгоб, рушан, т.б. памир халықтарын өзіне қосып алды.


Халықтың нәсілдік құрамы.Адамдар ең негізгі өзіндік белгілері бойынша:яғни, терісінің түсіне,бет-бейнесіне,дене құрылысына,шашына және көздерінің бітіміне қарай үш үлкен нәсілге:еурпеоидтерге, монголоидтерге және негроидтерге (экваторлық нәсілге) бөлінеді.Бұл нәсілдер өте ертеде пайда болған және олардың атаулары да олардың шыққан жеріне сәйкестендіріліп берілген.Әрбір нәсілдерден олардың кейбір белгілері жөнінен бір-бірінен айырмашылықтар жасайтын жеке тармақтар пайда болды. Мысалы: еурпеоидтер екі тармаққа - солтүстік және оңтүстік ; монголоидтер екі тармаққа – азиялық және америкалық; негроидтер екі тармаққа – африкалық және австралиялық болып бөлінеді, ал кейбір әдебиеттерде соңғысы австралоид атауымен жеке нәсіл ретінде беріледі.



Еуропалық нәсіл




Монголоидтық нәсіл



Экваторлық нәсіл

Ғасырлар бойғы қарым-қатынас нәтижесінде үлкен нәсілдердің қабысу шегінде нәсілдік жағынан әр түрлі ауыспалы типтер пайда болып отырды. Негізінен, бұл өтпелі және аралас формалардың қалыптасуының үш кезеңін бөліп көрсетуге болады: ежелгі дүниеде, орта ғасырда, жаңа кезеңде пайда болғандар. Африкада ертеде оңтүстік еуропалық және негроидтік нәсілдердің арасынан судандық және эфиопиялық өтпелі типтер қалыптасқан. Бұлар бет-бейнесі жағынан еуропалықтарға келсе, шаштары бұйра, ал өндері қара түсті болып келеді. Ал Үндістанның оңтүстігінде ауыспалы форма-веддоидтік тип пайда болды. Сол сияқты австралоидтер мен монголоидтер арасынан - Индонезия, Малай, Филиппин халықтары қалыптасты. Осы тәріздес аралық формаларға: жапондықтарды, полинезиялықтар мен микронезиялықтарды да жатқызуға болады, бұлардың түр-тұлғасында үш үлкен нәсілдің де белгілері бар.

Оңтүстік Африкада еуропалық қоныстанушылардың жергілікті бушмен және готтентоттармен, т.б. араласуынан түрлі түсті топтар пайда болды. Латын Америкасы елдеріндегі мулаттар, самболар мен метистерде аралас формаға жатады. Индонезиядан Мадагаскар аралына қоныс аударған оңтүстік монголоидтер жергілікті негроидтермен араласып, мальгаш атты антропологиялық типті таратты.



Дүние жүзінде негізгі нәсілдердің таралуы:



еуропеоидтер



негроидтер



өтпелі және
аралас типтер



монголоидтер



австралоидтер

Нәсілдердің таралу аймағының сұлба картасы

***НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!***

